

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ
МИНИСТРЛІГІ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ КөАҚ**

«БЕКІТЕМІН»
Басқарма Төрағасы - Ректор
Г.Қанай
«_____» _____ 2023 ж.

Қазақстан Республикасының ЖОО білім беру бағдарламаларының білім
алушылары арасында Республикалық пәндік олимпиада туралы

ЕРЕЖЕСІ

Тіркеу № _____

Алматы, 2023 жыл

1. Жалпы Ереже

1.1 Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасы бойынша республика көлемінде ұйымдастырылатын дәстүрлі пәндік олимпиада туралы ереже Республикалық пәндік олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу жөніндегі ұсынымдарға сәйкес әзірленді.

1.2. Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру мақсатында **«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН – ЖАҢА СЕРПІЛІС!»** олимпиада тақырыбына арналады және 6B11102-Мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасы бойынша ЖОО білім алушылары арасында өткізіледі.

1.3. Пәндік олимпиада **2023 жылдың 30-31 наурыз** күндері өткізіледі.

Республикалық пәндік олимпиада студенттердің білімі мен кәсіби шеберлігін шыңдауда, талантты жастарды анықтауда және олардың шығармашылық әлеуетін арттыруда, жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасы бойынша білім алушылардың білімі мен шеберлігін шығармашылық үрдісте дамытып, болашақ мамандардың кәсіби құзырлығын байқау болып табылады.

2. Олимпиада міндеттері:

- Студенттердің оқу – танымдық және ғылыми-зерттеушілік қабілетін көтермелеу;
- Студенттердің кәсіби тұлғалық күш-қуатын, олардың өзіндік таным-білімін, шығармашылық бейімділіктерін ашу;
- Студенттерді азаматтық көзқарасқа тәрбиелеу;
- Білім беру жүйесін жетілдіруге белсенді кәсіби қатынасын қалыптастыру;
- Қатысушылар арасындағы кәсіби – қарым қатынасты қалыптастыру;
- 6B11102-Мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасы бойынша студенттерінің қызығушылығын арттыру, қатысушылардың шығармашылық және белсенді көзқарасын дамыту үшін жағдай жасау;
- Болашақ мәдениет қызметкерлерінің кәсіби-шығармашылық потенциалын дамытуда инновацияны іске асыру.

3. 6B11102-Мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасы бойынша республикалық пәндік олимпиаданы өткізу тәртібі:

Ұйымдастырушылар тарапынан: техникалық аппаратуралар, led экран, жарық және басқа да қажетті құрал жабдықтармен қамтамасыз етеді.

6B11102-Мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасы бойынша республикалық студенттік олимпиаданы ұйымдастырушылар ҚР білім беру бағдарламасын басшылыққа алып, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінің базасында «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және өнер» институты, «Хореография және Арт-менеджмент» кафедрасы өткізеді.. Республикалық пәндік олимпиадаға барлық курс студенттері қатыса алады.

Әр ЖОО–нан пәндік олимпиадаға қатысу үшін әр топта 10-12 студенттерден аспауы қажет.

6B11102-Мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасы бойынша пәндік олимпиада студенттердің терең теориялық білімін ашуға, кәсіби шеберліктері мен ұйымдастырушылық қабілетін қолдануға бағдарланған, әрі мәдени – тынығу мекемелері жүйесінде ұйымдастыру мен басқарудың заманауи әдістерін қолдануда болашақ мамандардың даярлық деңгейін анықтайды.

Пәндік олимпиада екі кезеңнен өтеді: Жеке және топтық тұрғыда.

I кезең:

6B11102-Мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасы бойынша олимпиадаға қатысушылар **«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН – ЖАҢА СЕРПІЛІС!»** тақырыбында ғылыми-шығармашылық жобаны таныстырады. Жобаның мақсаты, проблемасы, шешу жолдары және күтілетін нәтижесі көрсетілуі тиіс. Берілген тақырып ұзақтығы 10 минут және регламентті сақтау міндетті болып табылады. Қорғау барысында интерактивті құралдарды (бейнематериалдар, презентация фото және т.б) пайдалануға мүмкіндік беріледі. Жобаны қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде ұсынуға болады.

Ғылыми шығармашылық жоба жұмыстарын бағалау критерийі:

50 балл	Ғылыми-шығармашылық жоба мазмұны толықтай ашылған және маңызды, өзекті жобалар қатарына жатқызуға болады деп есептелсе;.
40-50	Ғылыми-шығармашылық жоба тақырыбының ғылыми мәні ашылып, ғылыми аппарат мақсаты мен міндеті көрсетілген болса;
25-40 балл	Ғылыми-шығармашылық жоба мазмұны ашылып, ғылыми аппарат мақсаты мен міндеті толығымен көрсетілмеген болып табылса;
10-25 балл	Ғылыми-шығармашылық жоба мазмұны ашылмаған, мақсаты мен міндеті айқын емес және маңызды жоба болып саналмаса.

II кезең:

6B11102-Мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасы **«ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН – ЖАҢА СЕРПІЛІС!»** тақырыбында композициялық қойылымды сахналайды. Шығармашылық жұмысты бағалауда білім алушылардың оқу процесі барысында меңгерген «Режиссура», «Актер шеберлігі», «Сахна тілі», «Сахналық әрекеттің техникасы», «Вокал»,

«Хореография» т.б пәндер бойынша алған білімдері мен дағдыларын жан-жақты көрсетеді.

Әр шығармашылық жұмысқа берілетін уақыт: 15-20 минуттан кем болмауы тиіс.

Шығармашылық жұмыстарды бағалау критерийі:

Қатысушылардың топтық шығармашылық жұмыстары II – турда 50 баллмен бағаланады.

50 балл	Кәсіби түрде сахналанған, режиссердің идеясы өте жоғары деңгейде іске асырылған болса;
40-50	Шығармашылық жұмыс жоғары деңгейде сахналанған, көркемдік сюжеттік мәні жоғары, режиссерлік шешімі бар болса;
25-40 балл	Шығармашылық жұмыстың көркемдік мәні толық ашылып, қойылымның композициялық және режиссерлік шешімі толық орындалмаған жағдайда;
10-25 балл	Шығармашылық жұмыстың тақырып мазмұны ашылмаған, сценарийдің идеясы мен көркемдік мәні толық ашылмаған жағдайда;

4. 6B11102-Мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасы бойынша республикалық пәндік олимпиаданың қазылар алқасы құрамы:

6B11102-Мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасы бойынша өткізілетін республикалық пәндік олимпиаданың қазылар алқасының құрамы: ғылыми атағы, дәрежесі бар ПОҚ, ҚР еңбек сіңірген әртістері, Мәдениет қайраткерлері және кәсіби білікті мамандардан құрылады.

Қазылар алқасы құрамының шешімімен жеңімпаздар анықталады.

Қазылар алқасының төрағасы шешім қабылдауда екі немесе бірнеше команда теңескен жағдайда 2 /екі/ дауыс беруге құқылы.

5. 6B11102-Мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасы бойынша республикалық пәндік олимпиаданың шығармашылық жұмыстарының нәтижелерін қорытындылау тәртібі:

Жеңімпаздар ҚР Білім және ғылым министрлігінің арнайы диплом және алғыс хаттарымен марапатталады.

1 орын – біреу;

2 орын – екеу;

3 орын – үшеу.

6. Пәндік олимпиаданың ұйымдастыру комитеті

6B11102-Мәдени-тынығу жұмысы білім беру бағдарламасы бойынша пәндік олимпиаданы өткізу мен даярлау процесінде ұйымдастыру -

әдістемелік және көркем – шығармашылық мәселелерді шешу үшін ұйымдастыру комитеті құрылады.

Ұйымдастыру комитеті олимпиада өткізу мерзімі мен формасын, тапсырмаларды бағалау межесі мен шартын өңдейді, өңдеген меже мен шарттарға сай тапсырмаларды бағалау мен тексеруге жауаптыларды тағайындайды, әрі қатысушылар берген апелляцияны қарайды.

Республикалық олимпиада нәтижесі барлық олимпиадаға қатысушылармен ғылыми – әдістемелік мәжілісте талқыланады.

Уақыты мен өткізілетін жері:

Пәндік олимпиада КеАҚ Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университетінде (Алматы қаласы) 2023 жылдың 30-31 наурыз айында өтеді.

Пәндік олимпиадаға қатысушылардың өтініштері 2023 жылдың 10-шы наурызына дейін қабылданады.

Қатысушылардың жол қаражаты, жатын орны мен тамақтануы жіберуші ЖОО-ы тарапынан қаржыландырылуы тиіс.

Жауапты: Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті КеАҚ, Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және өнер институты, Хореография және Арт-менеджмент кафедрасы

Олимпиадаға қатысуға өтінім

ЖОО атауы _____

Команданың атауы _____

Команда капитаны _____

№	Қатысушының толық аты-жөні	Курс
1		
2		
3		
4		
5		
6		
7		

Команда жетекшісінің толық аты-жөні

1. Ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы:
2. Құрметті атағы:
3. Лауазымы:
4. Байланыс деректері, ұялы тел.:

**Ескертпе: дипломдарды толтыру кезінде қателерді болдырмау үшін, олимпиадаға қатысуға өтініммен бірге қатысушылардың, команда жетекшісінің жеке куәліктерінің сканерленген көшірмелерін, сондай-ақ команда қатысушылары үшін оқу орнынан анықтаманы және команда жетекшісі үшін дәрежесі мен атағы көрсетілген жұмыс орнынан анықтаманы ұсынуды сұраймыз.*

аға оқытушы, магистр
Коспагарова Асем Кабидолдаева
+7 701 472 32 59

оқытушы, магистр
Дүйсенбай Жамиля Ахмет-Алиқызы
+7 775 455 08 06

ӨТІНІШТЕР djmleee1@gmail.com ЭЛ.ПОЧТАСЫ АРҚЫЛЫ ҚАБЫЛДАНАДЫ

орын. Айтуғанова А – ст:87071380954